«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң




БЮДЖЕТТЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАТЫН ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ОБЪЕКТІЛЕРГЕ, СОНДАЙ-АҚ СТАЦИОНАРЛЫҚ ТИПТЕГІ ИНТЕРНАТТЫҚ ҰЙЫМДАРҒА, БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ФУНКЦИЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАРҒА ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУ РӘСІМІ ЖЕҢІЛДЕТІЛДІ. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР, СОНДАЙ-АҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТЕТІН ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ЕНДІ ТИІСТІ ЛИЦЕНЗИЯ ТАЛАП ЕТІЛЕДІ



«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң

# ОТБАСЫЛЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДА ДЕНСАУЛЫҚҚА ҚАСАҚАНА ЖЕҢІЛ ЗИЯН КЕЛТІРУГЕ ЖӘНЕ ҰРЫП-СОҒУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ІСТЕР БОЙЫНША ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУ ЖӘБІРЛЕНУШІНІҢ ШАҒЫМ БЕРГЕН-БЕРМЕГЕНІНЕ ҚАРАМАСТАН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ


Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және Астанада қоғамдық негізде қызмет ететін Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдермен күшейтілді. Оларды әкімдер Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің келісімі бойынша тағайындайды.
Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің құзыретіне «111» байланыс орталығының мемлекеттік және қоғамдық институттармен қызметін үйлестіру және өзара іс-қимылын ұйымдастыру мәселелері жатқызылды
«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң**



# БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ НЕМЕСЕ ОЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚҰҚЫҚҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТТЕР ЖАСАҒАНЫ ТУРАЛЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНА ДЕРЕУ ХАБАРЛАУ МІНДЕТІ БЕЛГІЛЕНДІ


«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ЗАҢ
ЗАҢМЕН ЖОЛ АҚЫСЫН ТӨЛЕМЕГЕНІ ҮШІН 16 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕН МӘЖБҮРЛЕП ТҮСІРУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНДЫ

# «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ЗАҢ

**01** Өзін-өзі өлтіруге итермелегені және насихаттағаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Бұған дейін тек өз-өзіне қол жұмсауға итермелегені үшін ғана жауапкершілік қарастырылған болатын. Кәмелетке толмағанға қатысты жасалған осындай әрекеттер үшін 5 жылдан 9 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген

**02** Өзін-өзі өлтіруді насихаттағаны үшін 200 АЕК мөлшерінде айыппұл салу немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына тарту түрінде қылмыстық жауапкершілік қарастырылған

**03** Егер мұндай насихат бір және одан да көп адамды өзін-өзі өлтіруге әкеп соқса, кінәлі адам 1 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе бас бостандығынан айыруға, ал егер өзін-өзі өлтіруге баруға дейін жеткізсе – 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады

**04** Бас бостандығын шектеу түріндегі балама жазаны алып тастау арқылы денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіргені үшін жауапкершілік күшейтілді

**05** Ауырлататын мән-жайлар кезінде денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіргені үшін тек 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру ғана көзделген

**06** Денсаулыққа ауыр зиян келтіргені үшін тек 3 жылдан 8 жылға дейін ғана бас бостандығынан айыру қарастырылған

**07** Азаптау үшін жаза күшейтілді - 2 жылдан 3 жылға дейінгі мерзімге, ал ауырлататын мән-жайлар кезінде - 4 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру қарастырылған

# «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ЗАҢ

Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіргені және ұрып-соққаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған

Заңда денсаулыққа жеңіл зиян келтіргені үшін 200 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, не 50 тәулікке қамауға алу жазасы қарастырылған

Ауырлататын мән-жайлар болған кезде қатаң жаза - 100 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, не 2 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады

Ұрып-соққаны үшін 80 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салу, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 80 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не 25 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алу жазасы қарастырылған

Ауырлататын мән-жайларда ұрып-соғу 100-ден 200 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе түзеу жұмыстарына не 100-ден 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға немесе 30-дан 50 тәулікке дейін қамауға алуға әкеп соғады



# «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ЗАҢ

Отбасын қолдау орталықтарын құру және олардың қызметі заңнамалық тұрғыдан бекітілді

Олар аудандар мен қала аудандарында жергілікті атқарушы органдардың шешімімен бюджет қаражаты және өзге де тыйым салынбаған қаражат көздері есебінен құрылады

Олардың қызмет тәртібін айқындап, жұмысын үйлестірумен және әдістемелік басшылықты жүзеге асырумен мемлекеттік отбасылық саясат саласындағы уәкілетті орган айналысады

Орталықтардың алдына ауқымды міндеттер қойылды, оларды шешу отбасылық құндылықтарды нығайтуға, отбасылық-тұрмыстық жанжалдардың алдын алуға, қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарды алдын ала анықтауға айтарлықтай әсер етуі мүмкін

Орталықтар тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері бар адамдарға бір айға дейін тұруға мүмкіндік береді. Бұл ретте жұмыс беруші тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдарда болған кезеңде қызметкерге жалақысы сақталмайтын, 30 күннен аспайтын мерзімге демалыс беруге міндетті

## «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ЗАҢ

### ЗАҢДА НЕКЕ-ОТБАСЫ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ЖАҢА ҚАҒИДАТТАРЫ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН:

- дәстүрлі отбасылық құндылықтарды қорғау, сақтау, нығайту және ілгерілету;

- балаларды жалпыадамзаттық, ұлттық, дәстүрлі, мәдени және отбасылық құндылықтарға құрмет рухында адамгершілік және рухани тәрбиелеуді қамтамасыз ету.





«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң

## ЕНДІ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН ҚАБЫЛДАУҒА БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ НЕМЕСЕ ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМАЛАРДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ФАКТІЛЕРІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА НЕГІЗ БОЛА АЛАДЫ

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» **Заң**





**ЗАҢ ПРЕЗИДЕНТТІҢ ӘЙЕЛДЕР МЕН БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҮШІН ЖАЗАНЫ ҚАТАҢДАТУ, ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫН НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТУРАЛЫ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН**

# «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ЗАҢ



Қылмыстық кодексте кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылыққа байланысты қылмыстардың тізімі нақты жазылған. Оған кәмелетке толмағанды және жас баланы өлтіру, олардың денсаулығына әртүрлі дәрежеде зиян келтіру, кәмелетке толмағанды ұрлау және басқа да қауіпті әрекеттер жатады

Мұндай қылмыстарды жасаған адамдарға Заңмен осы құқық бұзушылық үшін көзделгеннен жазадан неғұрлым жеңіл жаза тағайындау мүмкіндігі қарастырылған қылмыстық заңның жекелеген ережелерін қолдануға тыйым салынады

Сондай-ақ, олар татуласуға байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босатылмайды. Бұл ретте Заңда к өрсетілген тыйымдар кәмелетке толмаған жаста қылмыс жасаған адамдарға қатысты қолданылмайды



## «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН Т ОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ЗАҢ

Алғаш рет 16 жасқа толмаған адамдарға жыныстық сипаттағы тиісу үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді

Бұл әрекет үшін 200 АЕК дейін түзету жұмыстары немесе 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту не 3 жылға дейін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, 50 тәулікке дейін қамауға алу көзделген

16 жасқа толмаған адамдарға қатысты азғындық әрекеттер жасағаны үшін жауапкершілік белгіленді. Заң қабылданғанға дейін мұндай жауапкершілік тек 14 жасқа толмаған адамдарға қатысты азғындық әрекеттер үшін ғана қарастырылған болатын

Кәмелетке толмағанды ұрлағаны және заңсыз бас бостандығынан айырғаны үшін жазалар айтарлықтай күшейтілді

Балаларды ұрлағаны үшін 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру (бұрын 7 жылдан 12 жылға дейін болған), ал заңсыз бас бостандығынан айыру үшін – 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру (бұрын 5 жылға дейін болған)

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ЗАҢ

Алғаш рет заңнамада отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша «111» байланыс орталығы жұмысының құқықтық негіздері белгіленді

## «111» БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ:

- азаматтарға кеңес береді;
- ұйымдастырушылық және психологиялық көмек көрсетеді;
- келіп түскен өтініштер туралы мемлекеттік органдарды ақпараттандырады;
- мемлекеттік органдар байланыс орталығына қабылданған шаралар туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.


**БІРІНШІ БЛОГТАҒЫ** түзетулер әйелдер мен балаларға қатысты кез келген зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтуге бағытталған
**ЕКІНШІ БЛОГТАҒЫ** түзетулер отбасы институтын нығайтуға және балалардың қауіпсіздігін, оның ішінде Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтын одан әрі дамыту жолымен қамтамасыз етуге бағытталған
«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң